

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, физика-математика факультеті, 6В01505 «Физика-информатика» БББ 4 -курс (ФИ-41, ФИ-41-1), 3 –курс жеделдетілген (ФИ/у-33), ФИ-31(3), 6В01513 Физика (Ағылшын) (Физ/англ-4) кәсіби педагогикалық сараманды ұйымдастыру

12.02.2024-25.05.2024 жж. аралығында математика мен физика мұғалімдерін дайындау БББ бітіруші студенттері бекітілген мектептерден кәсіби педагогикалық сараманнан өту туарлы хабардар етілді. Студенттердің кәсіптік білім беру жүйесінде педагогикалық сараманның алатын орны ерекше. Ол жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие процесінің құрамдас бөлімі болып саналады, сондықтан болашақ мұғалімдердің теориялық дайындығын олардың оқу-тәрбие мекемелеріндегі практикалық қызметпен ұштастыру міндетке алынады. Сараман оқыту мен тәрбиенің принциптерін, заңдылықтарын толық түсінуге, кәсіби шеберлік пен дағдыны меңгеруге педагогикалық ұжымның тәжірибесін үйренуге, мұғалім жұмысының ғылыми-теориялық негізін сапалы түрде меңгеруге ықпалын тигізеді. Студенттерге БББ жоспарына сәйкес педагогикалық сараман алдында конференция ұйымдастырылды. Бұл студенттер сараманға даярлық кезеңде студенттер сараманның мақсат-міндеттерімен, іс-әрекет мазмұнымен, сараман соңында тапсырылатын құжаттар мен оларға қойылатын талаптармен танысып дайындалды. Студенттерге бекітілген мектептері мен әдіскер жетекшілері таныстырылды.

Сонымен қатар сынып оқушылармен бірге сыныптан тыс іс-шара жұмыстарын жүргізеді. Сыныптан тыс іс –шараларын талдап жақсы деген баға қойылады. Сонымен бірге физика сабақтарына қатысып педагогикалық тәжірибелерін толықтырады. Ұжымда жұмыс жасауды, сабақ жоспарын құруды, ҰМЖ, ҚМЖ-ларын құрастыруды, оқу мен оқытуды критериалды бағалау бойынша құжаттардың түрлерімен және бағалау жүйесі, оларды рәсімдеу жүйесімен таныстырылады. Сараман кезінде студенттердің оқу-тәрбие жұмыстарында байқалған жақсы жақтары көп болды: өздеріне сенімді болып, еркін ұстауы, жауапкершілікті сезінуі, сабақты түрлендіріп (жаңа технология элементтерін пайдалана алуы) өткізуі, көрнекіліктері эстетикалық талапқа сай болуы, мұғалімдердің ашық сабақтарына өзара сабаққа қатысулары, ізденімпаздықтары т.б.. Барлық сабақтар жақсы әдістемелік деңгейде сынып мұғалімінің қатысуымен өткізіледі. Ұйымдастыру конференциясы барысында 4 курс педагогикалық сараманға арналған бағдарламалармен таныстырылды.

